

Мерекелік медалі туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Өкімі 1994 жылғы 4 тамыз N 1822. Күші жойылды - ҚР Президентінің 2006.01.09. N 1696 жарлығымен.

"1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 50 жыл" мерекелік медалін тапсыру тәртібі туралы нұсқау бекітілсін /қоса беріліп отыр/.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Қазақстан

Республикасы

Президентінің

1994

жылғы

4

тамыздағы

N

1822

Өкімімен

Бекітілді

"1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 50 жыл" мерекелік медалін тапсырудың тәртібі жөніндегі НҰСҚАУ

1. "1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 50 жыл" мерекелік медалі /бұдан әрі медаль деп аталады/ Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің 1993 жылғы 26 қазандағы N 2485-ХІІ қаулысымен бекітілген осы жөніндегі Ережеге сәйкес мыналарға тапсырылады:

КСРО Қарулы Күштерінің қатарында Ұлы Отан соғысының майдан шептеріндегі ұрыс қимылдарына қатысқан әскери қызметкерлер мен ерікті жалдамалы құрамдардың адамдарына;

Ұлы Отан соғысының партизандарына, астыртын майданға қатысушыларға;

Ұлы Отан соғысы кезінде КСРО Қарулы Күштерінің қатарында қызмет еткен әскери қызметкерлер мен ерікті жалдамалы құрамның адамдарына;

"1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін", " Жапонияны жеңгені үшін" медальдармен наградталған адамдарға;

"1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін" медалінің куәлігі берілген адамдарға;

"Соғысқа қатысушының куәлігі" бар адамдарға;

Ұлы Отан соғысы жылдарындағы жанқиярлық еңбегі үшін КСРО ордендерімен, "1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысындағы ерлік еңбегі үшін", " Еңбектегі ерлігі үшін", "Еңбекте үздік шыққаны үшін", "Ленинградты қорғағаны үшін", "Москваны қорғағаны үшін", "Одессаны қорғағаны үшін", "Севастопольді

қорғағаны үшін", "Сталинградты қорғағаны үшін", "Киевті қорғағаны үшін", "Кавказды қорғағаны үшін", "Кеңестік Заполярьені қорғағаны үшін" медальдерімен наградталған тылдағы еңбеккерлерге;

"Құрсаудағы Ленинград тұрғынына" белгісімен наградталған немесе "1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысындағы ерлік еңбегі үшін" медалінің куәлігі бар адамдарға;

Концлагерлердің, геттолардың және екінші дүниежүзілік соғыс кезеңінде фашистер мен олардың одақтастары құрған басқа да еріксіз ұстау орындарының кәмелетке толмаған бұрынғы тұтқындарына;

1941 жылғы 22 маусым - 1945 жылғы 9 мамыр аралығында кемінде алты ай жұмыс істеген азаматтарға, бұған уақытша жау басып алған аудандарда жұмыс істеген уақыт кірмейді.

2. Қазақстан Республикасының наградталған азаматтарының тізімін жасау мен бекітуді мыналар жүргізеді:

1995 жылғы 9 мамырда әскери қызметте болып саналатын әскери қызметкерлерге Медаль жөніндегі ережеге сәйкес негіздер бар жағдайда - әскери бөлімдердің, құрамалардың, басқармалардың, кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі әскери-оқу мекемелерінің /бұдан әрі әскери бөлімдер деп аталады/, басқа да министрліктер мен ведомстволардың кадр органдары;

КСРО Қарулы Күштерінен шығып қалған, Ұлы Отан соғысы және милитаристік Жапонияға қарсы соғыс жылдарында /1941 жылғы 22 маусым мен 1945 жылғы 3 қыркүйек аралығы/ Қызыл Армияның, Әскери-Теңіз Флотының, КСРО Ішкі Істер Халық комиссариатының, Мемлекет Қауіпсіздігі Халық комиссариатының әскерлері мен органдарында штаттағы жалдамалары құрамында әскери қызмет өткерген немесе жұмыс атқарған адамдарға - әскери комиссариаттар, ҰҚК мен Ішкіісминінің басқармалары мен бөлімшелері;

бұрынғы партизандар мен астыртын майданға қатысушыларға, Ұлы Отан соғысы жылдарындағы жанқиярлық еңбегі үшін Нұсқаудың I тармағында санамалап көрсетілген ордендермен және медальдармен наградталған тыл еңбеккерлеріне, "Құрсаудағы Ленинград тұрғыны" белгісімен наградталған немесе "1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысындағы ерлік еңбегі үшін" медалінің куәлігі бар адамдарға, концлагерлердің, геттолардың және екінші дүниежүзілік соғыс кезеңінде фашистер мен олардың одақтастары құрған басқа да еріксіз ұстау орындарының кәмелетке толмаған бұрынғы тұтқындарына, 1941 жылғы 22 маусым - 1945 жылғы 9 мамыр аралығында кемінде алты ай жұмыс істеген азаматтарға /бұған уақытша жау басып алған аудандарда жұмыс істеген уақыт кірмейді/ - өкілді өкімет органдары.

Наградталғандарға тізімдер /N 1,2 нысан/ жұмыс және қызмет орындарында /

соның ішінде бұрынғы әскери қызметкерлерге де/, ал жұмыс істемейтіндерге - тұрғылықты мекен-жайларда жасалады. Бұл тізімдерге осыларды құрастыруға жауапты лауазым иелерінің қолдары қойылады және оларды тиісті әскери бөлімдердің командирлері, әскери комиссарлар, өкілді өкімет органдары, республика Ұлттық қауіпсіздік комитеті мен Ішкі істер министрлігі басшылары б е к і т е д і .

Тізімдерге бір адамның қайта еніп кетуі орын алмауы үшін тізім әзірлеу жұмысы әскери комиссариаттармен, республика ҰҚК-мен, Ішкі істермен өкілді өкімет органдарымен келісілуі тиіс.

3. Медальмен наградталғандардың тізімдерін жасауға мыналар негіз болып т а б ы л а д ы :

әскери қызметкерлер үшін - әскери - тіркеу құжаттары, сондай-ақ осы Нұсқаудың I тармағына сәйкес медальмен наградтауға құқық беретін әскери қызметкерлердің басқа да құжаттары;

басқа азаматтар үшін - осы Нұсқаудың I тармағына сәйкес медальмен наградтауға құқық беретін өздері ұсынатын құжаттар.

Мұндай құжаттарға мыналар да жатады:

қызыл әскер кітапшасы;

әскери билет;

еңбек кітапшасы;

әскери қызмет атқарғаны немесе жұмыс істегені туралы әскери бөлім қолбасшылығы берген немесе тиісті архив органдары берген анықтама;

Ұлы Отан соғысы майдандарында, милитаристік Жапониямен соғыста алған жарақты /контузиясы/ жөнінде анықтама;

"Отан соғысы мүгедегінің куәлігі";

"Соғысқа қатысушының куәлігі";

Ұлы Отан соғысы жылдарында ұрысқа қатысушы армияның қатарына жататын әскери бөлімдердің ерікті жалдамалы құрамдарының адамдарына берілген "Жеңілдіктерге құқығы жөніндегі куәлік" /ашық жасыл түсті/;

"1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін", "Жапонияны жеңгені үшін", "Соғысқа қатысушыға", "Еңбек майданында қатысушыға" деген жазулары бар "1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысы Жеңісінің отыз жылдығы", "Соғысқа қатысушыға", "Еңбек майданына қатысушыға" деген жазулары бар "1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысы Жеңісінің қырық жылдығы" медальдарымен наградталғандығы жөніндегі куәліктер;

Ұлы Отан соғысы жылдарындағы жанқиярлық еңбегі үшін КСРО ордендерімен, "1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысындағы ерлік еңбегі үшін", "Еңбектегі ерлігі үшін", "Еңбекте үздік шыққаны үшін", "Ленинградты қорғағаны үшін", "Москваны қорғағаны үшін", "Одессаны қорғағаны үшін", "Севастопольді

қорғағаны үшін", "Сталинградты қорғағаны үшін", "Киевті қорғағаны үшін", "Кавказды қорғағаны үшін", "Кеңестік Заполярьені қорғағаны үшін" медальдарымен, "Құрсаудағы Ленинград тұрғынына" белгісімен наградталғандығын айғақтайтын құжаттар. Жоғарыда аталған наградалармен наградталғандығын айғақтайтын құжаттар жоғалған жағдайда медальмен наградталғандығын растап куәландыра алатын мемлекеттік органдардың құжаттарының негізінде, әйтпесе жоғарыда аталған медальдармен наградталғандығы жөнінде еңбек кітапшасындағы жазудың негізінде табыс етіле а л а д ы .

"1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысындағы ерлік еңбегі үшін" медалінің куәлігі; құжаттар мен арнаулы куәліктер, концлагерлердің, геттолардың және екінші дүниежүзілік соғыс кезеңінде фашистер мен олардың одақтастары құрған басқа да еріксіз ұстау орындарының кәмелетке толмаған бұрынғы тұтқындарына берілген жеңілдіктерге құқықтары туралы куәліктер немесе халықты әлеуметтік қорғау органдарының тиісті жазуы бар зейнеткерлік куәліктер;

1941 жылғы 22 маусым - 1945 жылғы 9 мамыр аралығында кемінде алты ай жұмыс істеу фактісін айғақтайтын еңбек кітапшасындағы жазу немесе архив анықтамасы, бұған уақытша жау басып алған аудандарда жұмыс істеген уақыт к і р м е й д і .

Куәлердің көрсетулері азаматтарды медальмен наградталғандардың тізіміне енгізу үшін негіз бола алмайды.

Наградталғандардың тізімі әлсін-әлсін нақтыланғаны дұрыс.

4. Медальді Қазақстан Республикасы Президентінің атынан мыналар т а п с ы р а д ы :

әскери қызметкерлерге -әскери бөлімдердің командирлері /бастықтары/; басқа азаматтарға - Қазақстан Республикасы мемлекеттік өкімет органдарының, әскери комиссариаттардың басшы қызметкерлері.

Наградталғандарға медаль, әдетте, оларды тізімге енгізген жерде тапсырылады. Наградталғандарға медальмен бірге белгіленген нысандағы куәлік т а б ы с е т і л е д і .

Әскери комиссариаттар басшы қызметкерлерінің медальді еңбек ұжымдарында, соғыс және еңбек ардагерлерінің салтанатты бірлескен жиналыстарында тапсыру тәртібі тиісті өкілді өкімет органдарымен келісіледі.

Медальдар мен олардың куәліктері қайтыс болған Ұлы Отан соғысына қатысушылар мен тыл еңбектерінің отбасыларына берілмейді.

Медальдің табыс етілгендігі жөнінде наградталғандардың тізіміне тиісті жазу ж а з ы л а д ы .

Медальдар тапсырылып болғаннан кейін наградталғандардың тізімі белгіленген тәртіп бойынша тұрақты сақталады.

Медальдар тапсырылғандығы жөніндегі мәліметтерді /3 нысан/ өкілді өкімет органдары, Қорғаныс министрлігі, Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Ішкі істер министрлігі, Республикалық ұлан, Қазақстан Республикасының Президентінің күзет қызметі және Азаматтық қорғаныс штабы 1995 жылғы 15 қыркүйекке және 1996 жылғы 15 қаңтарға қарай Қазақстан Республикасы Президентінің А п п а р а т ы н а ж і б е р е д і .

Жергілікті жерлерден мәліметтерді жинау тәртібін жоғарыда аталған өкілді және атқарушы өкімет органдары белгілейді.

№ 1 нысан

Б Е К І Т Е М І Н

_____ /әскери комиссар, әскери бөлімнің Ф.А.Ә/

_____ облысы, ауданы, қаласы командирі, шені,

М . О .

"1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 50 жыл" мерекелік медалімен наградталғандардың _____

_____ /кәсіпорынның, мекеменің, ұйымның, әскери бөлімнің аты/ бойынша

ТІЗІМІ

Әскери комиссариаттар, Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Ішкі істер министрлігі тапсыратын медальдер

| | | | | | | | | |
|----|--|-----------------|--|----------------|--|--------------------|--|-------------|
| NN | | Фамилиясы, аты | | Үйінің адресі, | | | | |
| | | әкесінің аты, | | телефоны | | Тізімге енгізуге | | Медаль |
| p/ | | әскери | | | | негіз болған құжат | | тапсырылған |
| n | | қызметкерлердің | | | | | | күн және |
| | | шені | | | | | | куәліктің N |

----- /ұйым жетекшісінің қызметі/

М.О. /қолы, Ф.А.Ә./

199__жылғы"__"_____

Осы тізім бойынша наградталғандарға медальдің тапсырылуы куәландырылады

М . О .

/ қ ы з м е т і /

199__жылғы _____

№ 2 нысан

/ қ о л ы , Ф . А . Ә . /

Б Е К І Т Е М І Н

/өкілді өкімет органдарының
басшысы, Ф.А.Ә/

облысы, ауданы, қаласы

М.О. "1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 50 жыл"
мерекелік медалімен наградталғандардың
_____бойынша

/кәсіпорындардың, мекеменің, ұйымның аты/

ТІЗІМІ

Өкілді өкімет органдары тапсыратын медальдер

| №№ | Фамилиясы, аты, әкесінің аты | Үйінің адресі, телефоны | Тізімге енгізуге негіз болған құжат | Тізімге тапсырылған күн және куәліктің № | Медаль |
|----|------------------------------|-------------------------|-------------------------------------|--|--------|
| | | | | | |

/ұйым жетекшісінің қызметі/

М.О.

/ қ о л ы , Ф . А . Ә . /

199__жылғы " __ " _____

Осы тізім бойынша наградталғандарға медальдің тапсырылуы
куәландырылады _____

/ қ ы з м е т і /

М.О.

/ қ о л ы . Ф . А . Ә . /

199__жылғы" __ " _____

№ 3 нысан

"1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске
50 жыл" мерекелік медалінің _____

бөлімі, /облысы, қаласы, әскери комиссариаты, әскери
министрлігі, ведомствосы/
бойынша тапсырылғандығы жөнінде 199__ жылғы
"__" _____ дейінгі

МӘЛІМЕТ

| | |
|---------------------------|------------------------|
| Мерекелік медальмен | |
| наградталғандардың | Мерекелік медаль табыс |
| тізіміне енгізілгендердің | етілгендердің барлығы |
| барлығы | |

/өкілді өкімет, МҚК, ПМ, органының басшысы, әскери
комиссар, әскери бөлім командирі/
199 жылғы " __ " _____
/қолы, Ф.А.Ә./